

Қалың қалай, қарт жауынгер?!

Адамзаттың қанын суша ағызған екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына да - 73 жыл толды. Жазықсыз миллиондардың тағдырын жалмап, тағы соншасын зәр жылатқан сұм соғыс - адамзат тарихындағы қара дақ болып мәңгіге қалары анық. Ал, сол соғыстың өртен тұтатқан фашистік Германияға қарсы қару алып, Ұлы Отан соғысы деп аталған қан майданда шайқасқан бабаларымыздың ерлігі ұрпаққа өнеге. Олардың қан майданда қаза болғандарының рухына тағзым етіп, арамызда жүргендеріне құрмет көрсету бізге міндет.

Ұлы Отан соғысының зардабы - Фашистік зұлматтың құрығына ілінген өзге елдермен бірге - Қазақстанға да өте ауыр тиді. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, соғыстың алдында Қазақстанда 6,2 млн. адам тұрған. Сурапыл жылдары қолына қару алып, майданға 1,9 млн. адам аттаныпты. Сталиндік тәртіп 1916 жылы патша үкіметінің тәжірибесін пайдаланып, арнайы құрышыс батальондарын да құрған. Бұл батальондар Орта Азия және Қазақстанның жергілікті халқынан және құтқын-сүрінге түскен халықтар-



дан жасақталды. Қазақстаннан әскери комиссариат арқылы еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді. Осылайша әрбір төртінші қазақстандық қорға-

ныс және майдан нысандарына тартылған. Кей мәліметтерге сай Ұлы Отан соғысында қаза болған қазақстандықтар - 601 000 адам болса, оның 350 мыңнан астамы

қазақтар. Бұл қолта қару алып, ұрыс даласында қаза тапқандардың саны. Егер осы тұстағы халықтың жалпы саны мен соғыста қаза тапқан өкілдердің санына

шағытын болсақ, қандастарымыздың шынығы көрініс еzbek, татар, азербайжан, грузиндерден анағұрлым жоғары.

Жалғасы 3 бетте